

## Педагогикалық дуэт

2022 жылғы 29 қаңтар күні мектебімізде жас мамандар мен оқушылар арасында "Бұл Палата білім алушылар білім алу процесінде өздігінен білім игере алады деп есептейді» тақырыбында "Жас маман - оқушы" дуэтіне негізделген дебат жобасы өткізілді. Тьютор ретінде тұңғыш рет оқушылар таңдалды.

Жас маман, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Жуманазарова Жансая Пірманханқызы мен Марат Медина 73 сынып оқушысы, математика пәні мұғалімі Әптықали Әліби Мұратұлы мен Айтболатов Дидар 10 «Б» сынып оқушысы, физика пәні мұғалімі Болат Нұрсолтан мен Төлеуғазина Томирис 10 «Ә» сынып оқушысы, мектеп психологы Кәдіршін Назерке мен Қыдыр Бейбіт 10 «Б» сынып оқушысы жұп құрады. Оппозиция мен Үкімет мүшелері өз «кейстерін» алдын ала дайындап, өз пікірлерін қорғауға тырысты.

Екінші ойында мұғалімдер мен оқушылар бір-біріне қарсы пікірде жұп құрап ойнады. "Бұл Палата білім алушылардың пән мұғалімін таңдау құқығы болу керек деп есептейді" тақырыбы талқыланды. Жас маман, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Жолдасбекова Мөлдір Жолдасбекқызы мен физика пәні мұғалімі Болат Нұрсолтан мен мектеп оқушылары Каукербек Асылтас 10 «Б», Марат Медина 7 "З", Айтболатов Дидар 10 «Б», Төлеуғазина Томирис 10 «Ә» оқушылары мен Тапалова Фариза №84 мектептен келіп ойын көрсетті.

Екі раундта берілген қарарлар бойынша оқушы және мұғалім көзқарастары ортаға салынып, қызу талқыланды.

Дебат ойынының соңында әділ-қазылар топтардың жұмысын бағалап, қатысушылар арасынан үздік спикерлер мен жеңімпаздарды анықтады.

